

Қарағанды медицина колледжі

Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері

Тақырыбы: **гәні** Венерологиялық аурулар





ЖОСПАР



1. Венерологиялық аурулар жайлы түсінік
2. Жыныстық қатынас арқылы берілетін аурулар түрлері
3. ЖҚАБА түрлерін жіктеу
4. Трихимониаз
5. Гонорея
6. Соз
7. Кандидоз
8. Қортыныды
9. Тапсырмалар



Венерологиялық аурулар жайлы жалпы түсінік



**ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТА ЖҰҒАТЫН АУРУЛАРҒА
НЕ МҮМКІНДІК ТУҒЫЗАДЫ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ
АЗАЙТУҒА БОЛАДЫ?**

**ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН АУРУЛАР
НЕМЕСЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТА ЖҰҒАТЫН
АУРУЛАР ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР АРҚЫЛЫ
БЕРІЛЕДІ. ӘСІРЕСЕ ОЛАРДЫҢ ЕҢ ҚАУПТІЛЕРІ:**

СПИД, МЕРЕЗ, СОЗ.

**ОЛАРМЕН ӘРКІМ ЗАҚЫМДАЛА БЕРМЕЙДІ.
АДАМДАР МӘДЕНИЕТТІЛІКТІ СИПАТТАЙТЫН
ЕРЕЖЕНІҢ РЕТІН САҚТАП ЖҮРСЕ ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ
ДЕНСАУЛЫҒЫН, СОНДАЙ-АҚ БАСҚА АДАМДАР
ДЕНСАУЛЫҒЫН ОЙЛАП ЖҮРСЕ, БҰЛ АУРУЛАР
БОЛМАС ЕДІ.**



Жыныс жолымен берілетін аурулар



Жыныстық қатынас арқылы берілетін аурулар – бұл жыныс жолдарымен берілетін аурулар тобы. Бұл ұғымға көптеген ауруларды енгізуге болады. Қазіргі кезде жыныстық жолмен берілетін 20-25-ке жуықтай ауру бар.



Жіктелуі:



«Классикалық» венерологиялық аурулар :

- Гонорея
- Донованоз немесе шап гранулемасы
- Мерез;
- Жұмсақ шанкр немесе шанкроид;
- Венерологиялық лимфогранулематоз

«Жаңа» венерологиялық аурулар:

- Бактериальды вагиноз (гарднереллез);
- Генитальды герпес;
 - Кандидоз;
 - Микоплазмоз;
 - Папиллома;
 - Трихомониаз;
 - Уреаплазмоз;
- Гомосексуалисттердің урогенитальды шигеллезі;
- Хламидиоз;
- Бейспецификалық уретрит;
- Цитомегаловирус.

Жыныс жолдарымен берілетін тері аурулары :

- Қышыма;
- Педикулез, қасаға биті (фтириаз);
- Контагиозды моллюскалары.

Жыныстық жолмен беріліп, басқа органдарды зақымдайтын аурулар:

- АИТВ/ЖИТС;
- Амебиаз;
- Вирусты гепатит В және С;
- Лямблиоз



notos

depositphotos

ТРИХОМОНИАЗ (TRICHOMONIASIS)

Қынап трихоманадасымен шақырылатын инфекциялық ауру.
Кездесу жиілігі — **40%**.

Клиникасы:

Инкубациялық кезең 3-5-тен 20-30 күнге дейін. Жедел жай, гранулезды және макулезды трихомонадалы кольпит, жеделдеу және созылмалы түрлері бар.

Зақымдайтын жерлері: қынап, зәр шығару өзегі, қуық, қынап кіреберіс үлкен бездерінің шығару өзектері, кіреберіс, жатыр мойны шырышты қабаты, жатыр қосалқылары.




Гонорея (Gonorrhoea)

ГОНОКОКТАРМЕН ШАҚЫРЫЛАТЫН ӘЙЕЛ ЖЫНЫС МҮШЕЛЕРІНІҢ СПЕЦИФИКАЛЫҚ ҚАБЫНУ АУРУЫ. КЕЗДЕСУ ЖИІЛІГІ **5-25%**. КӨБІНЕСЕ 21-40 ЖАС АРАЛЫҚТАРЫНДА КЕЗДЕСЕДІ.

ТОПОГРАФОАНАТОМИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ:
ЖОҒАРЫ ӨРЛЕЙТІН ГОНОРЕЯ;
ЗӘР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ГОНОРЕЯСЫ;
ТІК ІШЕК ГОНОРЕЯСЫ;
МЕТАСТАТИКАЛЫҚ ГОНОРЕЯ.

КЛИНИКАЛЫҚ АҒЫМЫНА САЙ: ЖАҢА ПАЙДА БОЛҒАН ГОНОРЕЯ:
ЖЕДЕЛ (2 АПТАҒА ДЕЙІН П.Б.),
ЖЕДЕЛДЕУ (2-8 АПТАДА П.Б.)
ЖӘНЕ ТОРПИДТІ. СОЗЫЛМАЛЫ ГОНОРЕЯ (2 АЙ).



Соз (*Gonorrhoea*)

Соз ауруын жұқтыру, оральды және анальды сексті қамтитын, жыныстық жол арқылы болады.

Кейбір кезде соз ауруы бар науқаспен алдын ала біле тұра жыныстық қатынас жасаған адамның бойында ешқандай аурудың белгілері көрініс бермейді.

Бұл – оның ауруды жұқтырмады деген сөз емес.

Оған міндетті түрде зерттеу жасау керек.

Симптомсыз өтуі деп аталатын соз ауруы сырқаттанған адамға да, сонымен бірге онымен байланыс жасаған адамға да қауіпті болады. Ал, егер жұқтырылу тіпті болмаған болса (бұл туралы тек маман ғана талдаманың нәтижелері бойынша тұжырымдай алады), онда кездейсоқ жыныстық байланыс деп аталатынның алдын алу - адамның дені сау күйінде қалуы мен емделуді болдырмауы болып табылады.




Кандидоз (Candidosis)

Ашытқы саңырауқұлақтарымен шақырылатын жыныс мүшелерінің арнайы қабыну аурулары.

Вульва, қынап, жатыр және оның қосалқыларының кандидамикозы болады.

Белгілері: зақымдалған жердің шырышты қабатының қызаруы, ісінуі, қышуы, ауырсынуы, ақ түсті бөліністер байқалады және эрозиялар дамиды.






• **Урогенилталды герпес** — герпес вирусымен шақырылатын инфекциялық ауру. Белгілері: жатыр мойнының өзегі, уретра қызарған, ісінген, шырышты-ірінді бөлініс түзіледі. Зақымдалған жерде алғашында көптеген везикулалар пайда болады, кейіннен олар жарылып, сұр-сары түсті жаралы жабын түзіледі. Сонымен қатар конъюктива, буындар зақымдалады.

• **Микоплазмоз** — микоплазмалармен шақырылатын қабыну ауруы. Белгілері әйел жыныс мүшелерінің басқа этиологиялы қабыну ауруларының белгілеріне ұқсас.

• **Урогенитальды хламидиоз** — уретрадан аз мөлшерде бөлініс, зәр шығару каналының қышуы, ауырсыну.





Қорытынды

Жыныстық қатынастағы
аурулар сақтану ережелері
мынадай:

1. Кездейсоқ жыныстық қатынастан сақтану.

2. Презервативтерді қолдану.

3. Жыныс мүшелердің гигиенасын сақтап, оларды жылы сумен,
жұмсақ сабынмен жуу.

4. Бір жағдайларда жыныс жолмен жұғатын аурулар байқалса,
бірден анонимді профилактикалық пунктке бару керек.

5. Сыртқы және ішкі киімдердің гигиенасын сақтау.

6. Ешқашан басқаның жөкесін, сүлгісін, ішкі киімін қолдануға
болмайды.





ТАПСЫРМАЛАР



№1 тапсырма. Медициналық диктант

ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТА ЖҰҒАТЫН АУРУЛАР ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ. ӘСІРЕСЕ ОЛАРДЫҢ ЕҢ ҚАУІПТІЛЕРІ: [REDACTED]

ТОПОГРАФОАТОМИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ГОНОРЕЯ:

[REDACTED] ГОНОРЕЯ;
ЗӘР ШЫҒАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ГОНОРЕЯСЫ;
[REDACTED] ГОНОРЕЯСЫ;
[REDACTED] ГОНОРЕЯ.

ҚЫНАП ТРИХОМАНДАСЫМЕН ШАҚЫРЫЛАТЫН ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ. КЕЗДЕСУ ЖИЛІГІ — [REDACTED].

[REDACTED] — ГЕРПЕС ВИРУСЫМЕН ШАҚЫРЫЛАТЫН ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ.

УРОГЕНИТАЛЬДЫ ХЛАМИДИОЗ — [REDACTED],
ЗӘР ШЫҒАРУ КАНАЛЫНЫҢ ҚЫШУЫ, АУЫРСЫНУ.

№2 тапсырма. «иә»немес «жоқ»

ГОНОКОКТАРМЕН ШАҚЫРЫЛАТЫН ӘЙЕЛ ЖЫНЫС МҮШЕЛЕРІНІҢ СПЕЦИФИКАЛЫҚ ҚАБЫНУ АУРУЫ. КЕЗДЕСУ ЖИІЛІГІ **5-25%**.

иә

КЕЙБІР КЕЗДЕ СОЗ АУРУЫ БАР НАУҚАСПЕН АЛДЫН АЛА БІЛЕ ТҰРА ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС ЖАСАҒАН АДАМНЫҢ БОЙЫНДА ЕШҚАНДАЙ АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ КӨРІНІС БЕРМЕЙДІ. БҰЛ – ОНЫҢ АУРУДЫ ЖҰҚТЫРМАДЫ ДЕГЕН СӨЗ.

ЖОҚ

КАНДИДОЗ АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІНІҢ БІРІ: ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖЕРДІҢ ШЫРЫШТЫ ҚАБАТЫНЫҢ КӨГЕРУІ

ЖОҚ

ЖЫНЫС ЖОЛДАРЫМЕН БЕРІЛЕТІН ТЕРІ АУРУЛАРЫ :

- ҚЫШЫМА;
- ПЕДИКУЛЕЗ, ҚАСАҒА БИТІ (ФТИРИАЗ);
- КОНТАГИОЗДЫ МОЛЛЮСКАЛАРЫ

иә

КӨБІНЕСЕ 21-24 ЖАС АРАЛЫҚТАРЫНДА КЕЗДЕСЕДІ.

ЖОҚ

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН 20-25-КЕ ЖУЫҚТАЙ АУРУ БАР.

иә